

Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің 6D010200 – «Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін қорғауға ұсынылған Кенесбекова Салтанат Амангельдикызының «Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін өздік білім алуға даярлау» тақырыбындағы диссертациялық жұмысының

АННОТАЦИЯСЫ

Жұмыстың жалпы сипаттамасы. Диссертациялық зерттеу болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін өздік білім алуға даярлауға арналған.

Зерттеу өзектілігі. Нарықтық экономика жағдайында еңбек нарығының қызметкерлерге қоятын талабы күннен күнге күрделене түсуде. Болашаққа деген сенім, шығармашылық әлеует, экономикалық, педагогикалық міндеттерді шеше алуы, кәсіби іс-әрекетіне жауапкершілікпен қарау тұлғаның игерген біліміне, қабілетіне байланысты.

Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңында: «Белсенді азаматтық ұстанымы бар жеке адамды тәрбиелеу, республиканың қоғамдық-саяси, экономикалық және мәдени өміріне қатысу қажеттігін, жеке адамның өз құқықтары мен міндеттеріне саналы көзқарасын қалыптастыру; білім беру ұйымдарының еріктілігін, дербестігін кеңейту, білім беру ісін басқаруды демократияландыру; жалпы оқытудың, жұмыс орны бойынша оқытудың және еңбек нарығының қажеттері арасындағы өзара байланысты қамтамасыз ететін және әркімге өзінің білім мен біліктілікке негізделген жеке әлеуетін қоғамда барынша пайдалануға көмектесетін оқыту жүйесін өмір бойы дамыту білім беру жүйесінің негізгі міндеттері» деп көрсетілген. Осы тұрғыдан келгенде жоғары оқу орынындағы білім берудің негізгі мақсаты – заманауи қоғамға лайықты саналы тұлға, өз мамандығын жақсы көретін, оның кез келген сұрағына жауап бере алатын маман даярлау.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев реформалар жөніндегі Жоғары Кеңестің отырысында: «Біздің басты мақсатымыз – бәсекеге қабілеттілік деңгейін арттыру және әлемнің дамыған мемлекеттерінің қатарына кіру», - деп атап көрсетті. Сондай-ақ, Президентіміз Қазақстан халқына «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты жолдауында: «Біз кәсіби білім берудің бүкіл жүйесін еңбек нарығында сұранысқа ие білікті мамандар қалыптастыруға бағыттағанмыз жөн», - деді. Мемлекет басшысының басты назарда ұстап тұрған «бәсекеге қабілеттілік», «білікті мамандар» ұғымын басшылыққа ала отырып, зерттеу тақырыбы аясында өз перспективамызды талдап көрейік. Орта білімнің толық курсы игеріп, кәсіби білім алу үшін жоғары оқу орнына келгенде тұлға болашақ маман статусына ие болады. Жоғары оқу орнында игерген жаңа білімі арқылы өзінің дүниетанымын дамытады, өзіндік көзқарасын, позициясын қалыптастырады. Жоғары оқу орыны студентке оқу бағдарламасы аясында қалаған форматында кері байланыс орнатуға мүмкіндік береді, яғни өздік білім алуға зор мүмкіндік туғызады. Білім тек білім беруші ұйым қабырғасында игерілмейді. Қай

салада қызмет етсе де, маманға өмір бойы білім алуға тура келеді. Өздік білім алуды дағдыға айналдырмайынша маманның кәсіби қызметі еңбек нарығында бағалы болмақ емес. Өздік білім алу – бәсекеге қабілетті болуға мүмкіндік береді.

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына «Әділетті Қазақстан: құқық тәртібі, экономикалық өрлеу, қоғамдық оптимизм» атты жолдауында «Ұстаздар – ұлттың зияткерлік қуаты. Олар білімді ұрпақ тәрбиелеу арқылы еліміздің өркендеуіне жол ашады. Үздік оқу бағдарламасы, заманауи мектептер, озық басқару жүйесі болса да, ұстаз білікті болмаса, оның бәрі бекер екені анық», - деп көрсетті.

Қазір жоғары оқу орнында алған кәсіби білім үздіксіз білім беру жүйесіндегі алғашқы баспалдақ іспетті. Білім беру жүйесіндегі модернизация мектеп мұғалімінен мақсаткерлікті, күш, қуатты, бойдағы стереотиптерді жеңуді, кәсіби құзыретті болуды, жоғары интеллектіні, шығармашылықты, жеке және кәсіби сапаларын жоғарылатуды, қарқынды дамушы қоғамға жылдам бейімделе алуды, сыни тұрғыдан ойлануға дағдылануды, түрлі сипаттағы ақпараттарды сауатты түрде қабылдай және өзге тұлғаларға сауатты жеткізе алуды талап етеді. Қазақстан Республикасының «Педагог мәртебесі» туралы Заңында: «...педагог өзінің кәсіптік шеберлігін, зерттеу, зияткерлік және шығармашылық деңгейін үздіксіз жетілдіруге міндетті», - деп көрсетілген.

«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарының білім беру мазмұнында: «Білім алушылар өзін-өзі дамыту және өмір бойы білімін жетілдіру дағдыларын қалыптастырады» деп көрсетілген, бұл талаптың жоғары оқу орнының педагогикалық процесінде орындалуы тиіс міндет екенін еске салады.

Бұл міндеттерді ойдағыдай атқару үшін өздік білім алуға тура келеді. Дәстүрлі оқыту жүйесінде болашақ маман «өмір бойына білім алу» ұстанымында оқытылды, ал заманауи форматтағы білім беру жүйесі оларды базалық біліммен ғана қаруландырады. Басқаша айтсақ, дәстүрлі жүйеде болашақ мамандарға кәсіби білім игертіліп, болашақ кәсібiнiң ерекшелiгi жөнiнде ақпарат берiледi. Ал, жаңа форматтағы жүйеде игерілген кәсіби білім негізінде шығармашылық ойлау, кәсіби құзыреттілікті қалыптастыру, өз бетінше шешім қабылдай алу дағдыларын дамыту көзделеді.

«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарында: «Білім беру қызметі – білім алушылардың ерекше білім беру қажеттіліктерін және жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, білім беру субъектілерінің мақсатқа бағытталған, педагогикалық негізделген, дәйекті өзара іс-қимылы барысында жеке адамды оқыту, дамыту және тәрбиелеу міндеттері шешілетін процесс», - деп анықтама берілген. Бастауыш сынып оқушыларын оқыту, дамыту және

тәрбиелеумен қатар, олардың жеке тұлғалық тұрғыда дамуы педагогикалық әрекеттің маңызды міндеттерінің бірі болып табылады. Ал, оқушыны үнемі ізденістегі мұғалім ғана толыққанды дамытатыны белгілі. Әдетте кәсіби іс-әрекетін жаңа бастаған жас маман мектеп алдында тұрған күрделі міндеттерді жүзеге асыруға әлі де қауқарсыз болады. Жоғары оқу орнында базалық кәсіби білімнің теориялық бөлімін игеріп, кәсіби іскерліктің алғашқы қарапайым дағдыларын меңгерген жас маман өздік білім алуды бірден сауатты жалғастырып кете алмай жатқандығы белгілі. Осы орайда жоғары оқу орнында өздік білім алудың жолдары анықталып, оның педагогикалық шарттары нақтылануы керек.

Педагогикалық тәжірибеде болашақ маман игеруі тиіс ғылыми-педагогикалық ақпараттың көптігі және таралу жылдамдығының жоғары екені байқалады. Ал, болашақ маман өз кезегінде ғылыми ақпараттар легін сараптап, болашақ кәсіби іс-әрекетіне қажет білім қоры мен ғылыми ақпаратты жүйелей алуы тиіс. Өздік білім алу – болашақ маманның кәсіби білім игеруіне, танымдық әрекетін дамытып, алғашқы педагогикалық тәжірибе жинақтауға жағдай жасайтын жол болып отыр.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін өздік білім алуға даярлау мәселесінің педагогика ғылымында зерттелу жағдайын бағдарлау үшін отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектеріне шолу жасадық.

Болашақ мұғалімдерді кәсіби әрекетке даярлау мәселесін қарастырған ғалымдар: С.И. Архангельский, Н.В. Кузьмина, В.А. Сластенин, О.А. Абдуллина, Н.Ф. Талызина, Б.В. Сергеева Г.Ж. Микерова, Н.Ю. Фоминых және т.б. Бұл ғалымдардың еңбектерінде болашақ мұғалімдердің кәсіби іскерліктерін қалыптастыру, дамыту мәселелері көтерілген.

Қазақстанда *болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби әрекетке даярлаудың* әдіснамалық, технологиялық, дидактикалық және әдістемелік аспектілерін қарастырған ғалымдар: Ш.Х. Құрманалина, Р.Қ. Бекмағамбетова, Қ.Т. Ыбырайымжанов, С.Н. Жиенбаева, С.Қ. Абильдина, К.М. Нағымжанова, А.О. Мухаметжанова, К.Н. Булатбаева, Б.Т. Барсай, Г.Т. Абдуллина және т.б.

Өздік білім алуға даярлықтың *ғылыми-педагогикалық аспектісін* қарастырған ғалымдар: Н.Д. Хмель, Н.Д. Иванова, И.Л. Наумченко, М.Л. Князева, Н.Б. Крылова, В.И. Андреев, П.И. Пидкасистый, М.В. Башкиров, В.П. Беспалько, А.К. Громцева, Г.Е. Зборовский, Г.Е. Ковалев, Г.П. Орлов, В.А. Корвяков, Л.М. Бронникова, М.А. Данилов, Ю.К. Бабанский, Л.Я. Зорина, М.Н. Скаткин, А.В. Усова, В.Б. Бондаревский, С.Г. Вершловский, О.Л. Карпова және т.б.

Өздік білім алуға даярлықтың *әлеуметтік-психологиялық аспектісін* қарастырған ғалымдар: И.О. Ганченко, И.Н. Шахова, Е.Ю. Кашникова, Г.Н. Сериков, Г.А. Цукерман, И.С. Кон, У. Джеймс, М.Я. Благ-Шебек, А.Н. Крылов, А. Менегетти, В.Н. Козиев, А.М. Матюшкин, В.Л. Нечаева, Г.К. Чернявская, Е.А. Щуклина Д.Г. Передня және т.б.

Өздік білім алуға даярлықтың *әдіснамалық аспектісін* қарастырған ғалымдар: И.А. Редковец, Г.М., Коджаспирова, Н.Б. Жаманкүлова, Э.А. Мирошниченко, А.В. Баранников, С.В. Акманова, А.В. Дмитриев, Н.Л. Филиппов, Д.П. Мучкин, Т.Н. Трунцева, В.В. Казанцева, В.А. Светлова, М.А. Нагоева, М.Б. Беликаева, Н.Н. Тулькибаева, И.Ф. Медведев, С.В. Юдакова, Н.Ю. Кифик, В.А. Светлова, В.Б. Шаронова, А.А. Семенов, Г.В. Марковец, И.А. Луконина, Е.А. Глухова, Е.А. Ганин, А.Р. Боранбаева, Д.Б. Ешенкулова, А.С. Косшыгулова және т.б.

Өздік білім алуға даярлықтың *ұйымдастырушылық аспектісін* қарастырған ғалымдар: И.Б. Соколова, Т.В. Борисова, Л.А. Ульянова, Ю.А. Дубровская, Е.Д. Безниско, Д.М. Жарылгапова, А.Г. Куличенко, Н.М. Миняева, Т.Б. Тарабрина, Е.Ю. Кашникова, Ю.А. Дубровская, М.В. Слипченко, Г.А. Лапшина, И.М. Кузнецова және т.б.

Жоғарыдағы отандық және шет елдік ғалымдардың еңбектеріне сүйеніп, болашақ мұғалімдерді өздік білім алуға даярлау мәселесі педагогика ғылымы мен практикасында зерттелген деп айтуға болады. Алайда, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін өздік білім алуға даярлауға қатысты теориялық әдебиеттер мен бастауыш сынып мұғалімдерін дайындаудың нақты тәжірибесін талдау барысында:

– қоғам сұранысына сай болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін өздік білім алуға даярлаудың қажеттілігі және жоғарғы оқу орнының білім беру процесінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін өздік білім алуға даярлау моделінің теориялық және әдістемелік түрде негізделуінің жеткіліксіздігі;

– жоғары оқу орнында бастауыш сынып мұғалімі біліктілігін иеленген түлекке қоғамның кәсіби тұрғыда жоғары талап қоюы және жоғары оқу орнында болашақ мамандарды өздік білім алуға даярлау жүйелі түрде жүргізілмейтіні;

– бастауыш сынып мұғалімін даярлауда өздік білім алуға көңіл бөлінетіні және ЖОО бастауыш сынып мұғалімін даярлауда тиімді педагогикалық шарттардың негізделмегені арасында **қарама-қайшылықтардың** бар екендігі анықталды.

Осы қайшылықтардың шешімін іздестіру және ғылыми негіздеу зерттеу мәселесін анықтады.

Мәселенің өзектілігі және жеткілікті деңгейде зерттелмегені **зерттеу тақырыбын:** «Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін өздік білім алуға даярлау» деп таңдауға себеп болды.

Зерттеу объектісі: жоғары оқу орынының педагогикалық процесі.

Зерттеу пәні: болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін өздік білім алуға даярлау.

Зерттеу мақсаты: анықталатын педагогикалық шарттарды есепке ала отырып, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін өздік білім алуға даярлау моделін теориялық тұрғыдан негіздеу және сынақтан өткізу.

Зерттеудің ғылыми болжамы: *егер:* анықталатын педагогикалық шарттарды есепке ала отырып, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін өздік

білім алуға даярлау моделі жасалып, теориялық тұрғыдан негізделсе және жүзеге асырылса, *онда* болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби қызметке табысты даярлауға әсер етеді, *өйткені* студенттер өздік білім алуға қажетті жүйелі білім, іскерлік, дағдыларды игереді.

Зерттеу міндеттері:

1. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін өздік білім алуға даярлауды теориялық тұрғыда негіздеу.

2. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін өздік білім алуға даярлаудың педагогикалық шарттарын анықтау.

3. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін өздік білім алуға даярлау моделін жасау.

4. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін өздік білім алуға даярлау шарттары мен моделін сынақтан өткізу.

Зерттеудің жетекші идеясы: болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің өздік білім алу процесі теориялық және әдістемелік тұрғыда, оның ішінде ұсынылған педагогикалық шарттар мен жасалған модель негізінде жүзеге асуы керек.

Зерттеудің теориялық және әдіснамалық негіздері: гуманистік білім беру мен мұғалімнің жеке тұлғасын қалыптастыру тұжырымдамалары (Я.А. Коменский, Д. Дидро, Ф.А. Дистверг, И.Г. Песталоцци, К.Д. Ушинский, В.А. Славенкин және т.б.); кәсіби және психологиялық-педагогикалық даярлықтың диалектикалық бірлігі жөніндегі еңбектер (Б.Г. Ананьев, Е.П. Белозерцев, Е.Н. Богданов, Н.В. Кузьмина, С.Л. Рубинштейн және т.б.); білім беруді дербестендіру мен өздік білім теориясы (А.К. Громцева, А.А. Кирсанов, Г.Н. Сериков, К.М. Левитан, Б.Ф. Райский және т.б.).

Зерттеу көздері: философия, әлеуметтану, психология, педагогика, мәдениеттану теориялары мен тұжырымдамалары; зерттеу мәселесіне қатысты оқу-әдістемелік әдебиеттер, Қазақстан Республикасының заңдық және нормативтік құжаттары.

Зерттеу әдістері: зерттеу мәселесі бойынша іргелі философия, әлеуметтану, психология, педагогика, мәдениеттану әдебиет көздеріне талдау жасау, студенттердің оқу іс-әрекетін бақылау; болашақ педагогтар, профессор-оқытушылар құрамы, мектеп мұғалімдері арасында сауалнама жүргізу, тестілеу, әңгімелесу; педагогикалық эксперимент; мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына, типтік оқу жоспарлары мен бағдарламаларына, оқу жоспарлары мен бағдарламаларына сараптама жасау; үлгілеу, педагогикалық тәжірибелерді зерттеу және қорыту, алынған нәтижелерді статистикалық-математикалық өңдеу.

Зерттеу базасы. Тәжірибелік-эксперименттік жұмыс академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің 6В01301 – «Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі» білім беру бағдарламасы бойынша оқитын білім алушыларға және «Болашақ» академиясының 6В01301 – «Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі» білім беру бағдарламасы бойынша оқитын білім алушыларға жүргізілді.

Зерттеудің негізгі кезеңдері. Диссертациялық зерттеу үш кезеңде жүргізілді.

Бірінші кезеңде (2018-2020 ж.) зерттеліп отырған мәселе бойынша материалдар жинақталды; зерттеу аппараты жазылды. Зерттеу мақсатына сәйкес бастауыш сынып мұғалімдерін өздік білім алуға даярлаудың педагогикалық шарттары анықталды, бастауыш сынып мұғалімдерін өздік білім алуға даярлау моделі жасалды. Жоғарғы оқу орнында жүргізілетін педагогикалық процеске енгізу үшін зерттеу мәселесі бойынша оқу-әдістемелік материалдар даярланды.

Екінші кезеңде (2020–2022 ж.) тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың мазмұны мен әдістемесі анықталды, анықтаушы және қалыптастырушы эксперимент жүргізілді, анықталған педагогикалық шарттарды есепке ала отырып жасалған болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін өздік білім алуға даярлау моделі сынақтан өткізілді.

Үшінші кезеңде (2022–2024 ж.) анықталған педагогикалық шарттарды есепке ала отырып жасалған болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін өздік білім алуға даярлау моделінің тиімділігін тексеру үшін қорытынды эксперимент жүргізілді. Зерттеудің ғылыми болжамымен салыстырмалы талдау жасалып, нәтижелер өңделді. Қорытындысы жазылды, ұсыныстар берілді, диссертация рәсімделді.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы және теориялық мәнділігі:

1. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін өздік білім алуға даярлау теориялық тұрғыда негізделді. «Өздік білім алу», «Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін өздік білім алуға даярлау» ұғымдарының мазмұны нақтыланды.

2. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін өздік білім алуға даярлаудың педагогикалық шарттары анықталды.

3. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін өздік білім алуға даярлау моделі жасалды.

4. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін өздік білім алуға даярлау шарттары мен моделі эксперименттен өткізілді.

Зерттеудің практикалық маңыздылығы:

– Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің және «Болашақ» академиясының «Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі» білім беру бағдарламасы бойынша оқитын білім алушыларына «Өздік білім алу негіздері» элективтік курс бағдарламасы дайындалды және енгізілді;

– «Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі» білім беру бағдарламасы бойынша оқитын білім алушыларға арналған «Өздік білім алу негіздері» тақырыбында электронды оқу-әдістемелік кұрал дайындалды және енгізілді (Қазақстан Республикасы, авторлық құқықпен қорғалатын объектілерге құқықтардың мемлекеттік тізімге мәліметтерді енгізу туралы кұәлігі. №15308 -18 ақпан, 2021 ж);

– «Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі» білім беру бағдарламасы бойынша оқитын білім алушыларға арналған «Өздік білім алу

негіздері» тақырыбында оқу-әдістемелік құрал дайындалды және енгізілді (Қарағанды: «Акад. Е.А. Бөкетов ат. Қарағанды ун-ті» КЕАҚ баспасы, 2021. – 148 б.);

– зерттеу нәтижелерін жоғары және орта арнаулы оқу орындарының бастауыш сынып мұғалімін дайындайтын факультеттері мен бөлімдерінде, мектептерде, педагог кадрлар біліктілігін жоғарылату жүйесінде пайдалануға болады.

Қорғауға ұсынылатын негізгі қағидалар:

1. Қазіргі қоғамда жастардың өзін-өзі саналы түрде түсінуін, өзін-өзі тануын және өз-өзіне сенуін дамыту мемлекеттің өзекті және басым міндеті болып табылады. Қазақстан жастарын өздерінің зияткерлік, инновациялық, шығармашылық әлеуетін қолдана білуге үйрету керек. Осы тұрғыдан келгенде жоғары оқу орнының педагогикалық процесі аталған міндетті оңтайлы шешетін платформа бола алады.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін өздік білім алуға даярлауды теориялық негіздеу «Өздік білім алу», «Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін өздік білім алуға даярлау» ұғымдарының мазмұнын нақтылауға мүмкіндік берді.

Өздік білім алу – тұлғаның өз мотивтері мен жеке бас қызығушылығын саналы түрде мойындауынан, «Мен» тұжырымдамасы негізінде өзін тануға ұмтылуынан, өздік оқу салтын қалыптастыру арқылы өзін тәрбиелеуінен; өз-өзінен есеп алып, өзіндік әрекетіне баға беруі арқылы өзін-өзі басқаруынан тұратын танымдық әрекет.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін өздік білім алуға даярлау дегеніміз – тұтас педагогикалық үдеріс барысында сыртқы күштердің ықпалынсыз, бағалау өлшемінсіз, болашақ мамандардың кәсіби қызығушылығын арттырып, олардың өзіндік танымдық әрекетін белсендендіру процесі.

2. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін өздік білім алуға даярлаудың педагогикалық шарттары: болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін өздік білім алуға даярлау процесінің мазмұндық жүйеленуі, студенттердің болашақ мамандығына деген тұрақты қызығушылықтарының артуы, профессор-оқытушылар құрамының болашақ мамандарды өздік білім алуға бағыттайтын кәсіби әрекеттерінің белсендендірілуі, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін өздік білім алуға даярлау процесінің ұйымдастырылуы, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің өздік білім алу маңызын түсінуі деп анықталды.

3. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін өздік білім алуға даярлау моделі өзара байланысты тұжырымдамалық-мақсатты блоктан (мақсат, тұғыр, ұстаным); мазмұнды-ұйымдастырушылық блоктан (компонеттер, педагогикалық шарттар, құралдар); бағалау-нәтижелілік блоктан (деңгейлер, нәтиже) тұрады.

4. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін өздік білім алуға даярлау шарттары мен моделін ендіру тиімділігін көрсететін тәжірибелік-эксперименттік жұмыс нәтижелері.

Зерттеу нәтижелерін сынақтан өткізу және іс-тәжірибеге ендіру: диссертациялық зерттеу нәтижелері төмендегі жарияланымдарда ұсынылды:

– Республикалық ғылыми-практикалық конференция материалдарында: «Педагогикалық теория және практика: тарихы, қазіргі жағдайы, келешегі» (Қарағанды, 2020 ж.); Тарих ғылымдарының өзекті мәселелері (Қарағанды, 2020 ж.).

– Жақын шет елдің халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдарында: «Білім беру кеңістігінде адамның қалыптасуының теориялық және прагматикалық аспектілері» (Ресей – Мәскеу, 2020 ж.); «Білім беру технологиялары: тарихы, қазіргі жағдайы, болашағы» (Ресей – Краснодар, 2024 ж.);

– Алыс шет елдің халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдарында: «Perspektywiczne opracowania są nauką i technikami» (Польша – Przemysl, 2019 ж.);

– Қазақстанда өткен халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдарында: «II Калюжный оқулары: әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдардың инновациялық бағыттары» (Ақтөбе, 2019ж.); «Білім беру жүйесін модернизациялау: тенденциялар, проблемалар және перспективалар» (Алматы, 2019 ж.); «Заманауи білім ортасы: жаңашылдық, тәжірибе, келешек» (Қарағанды, 2020 ж.);

– Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған ғылыми журналдарда: «Қазақстанның ғылымы мен өмірі» (Астана, 2019 ж.); «Қарағанды университеті хабаршысы».- Педагогика сериясы, 2018 ж., 2024 ж.; «Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті Хабаршысы».- Педагогика ғылымдары сериясы, 2019 ж.;

– «Scopus» ақпараттық базасына енген журналдарда: «Orçion», 2019 ж.; «Journal of Education and e-Learning Research», 2024 ж.; «Scientific Herald of Uzhhorod University», 2024 ж.

– Қазақстанның және алыс шет елдің өзге журналдарында: «Заманауи білім = Современное образование = Modern education» (Қарағанды, 2018 ж.); «Қазіргі заманғы маңызды мәселелер» (Қарағанды, 2018 ж.); «Talent Development and Excellence» (Saudi Arabia, 2020 ж.);

– академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі кафедрасының әдістемелік семинарлары мен мәжілістерінде.

Зерттеу нәтижелерінің негізділігі мен дәлдігі: зерттеушінің бастапқы теориялық ұстанымдарымен, жұмыстың жоспарлылығымен, ғылыми зерттеу аппаратының қисындылығымен, ғылыми-педагогикалық зерттеу әдістерінің кешенін іске асырумен, эксперименттік деректердің сапалық және сандық талдауымен, зерттеудің негізгі ережелерін педагогикалық практикаға

енгізуімен, тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың мазмұнының ғылыми зерттеу аппаратына сәйкестігімен қамтамасыз етілген.

Диссертациялық жұмыстың құрылымы. Диссертациялық жұмыс кіріспеден, екі бөлімнен, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен, қосымшадан тұрады.

Кіріспеде зерттеу тақырыбын таңдау мен өзектілігі негізделді; зерттеу объектісі, пәні, мақсаты, болжамы, міндеттері, жетекші идеясы анықталды, зерттеудің теориялық және әдіснамалық негіздері, зерттеу базасы, зерттеудің негізгі кезеңдері, зерттеудің ғылыми жаңалығы және теориялық мәнділігі, зерттеудің практикалық маңыздылығы ұсынылды, қорғауға ұсынылатын негізгі қағидалар нақтыланды, зерттеу нәтижелерін тәжірибелік-эксперименттен өткізу және енгізу туралы мәліметтер берілді.

«Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін өздік білім алуға даярлаудың теориялық негізі» атты бірінші бөлімде жоғары оқу орнында болашақ мұғалімдерді өздік білім алуға даярлау мәні нақтыланып, «Өздік білім алу», «Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін өздік білім алуға даярлау» ұғымдарының мазмұны нақтыланды. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін өздік білім алуға даярлаудың педагогикалық шарттарын: болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін өздік білім алуға даярлау процесінің мазмұндық жүйеленуі, студенттердің болашақ мамандығына деген тұрақты қызығушылықтарының артуы, профессор-оқытушылар құрамының болашақ мамандарды өздік білім алуға бағыттайтын кәсіби әрекеттерінің белсендендірілуі, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін өздік білім алуға даярлау процесінің ұйымдастырылуы, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің өздік білім алу маңызын түсінуі деп анықталды. Бұл бөлімде өзара байланысты тұжырымдамалық-мақсатты блоктан (мақсат, тұғыр, ұстаным); мазмұнды-ұйымдастырушылық блоктан (компонеттер, педагогикалық шарттар, құралдар); бағалау-нәтижелілік блоктан (деңгейлер, нәтиже) тұратын болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін өздік білім алуға даярлау моделі берілген.

«Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін өздік білім алуға даярлау бойынша жүргізілген тәжірибелік-эксперименттік жұмыс» атты екінші бөлімде жоғары оқу орнында болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін өздік білім алуға даярлаудың бастапқы жағдайын анықтайтын зерттеу әдістері мен оларды ұйымдастыру талданды. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің өздік білім алуға дайындығының бастапқы деңгейі анықталған зерттеу базасы мен зерттеу әдістері (анықтаушы эксперимент) мәліметтері ұсынылды. Педагогикалық шарттарды есепке ала отырып, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін өздік білім алуға даярлау моделінің енгізілуіне талдау жасалды (қалыптастырушы эксперимент). Педагогикалық шарттарды есепке ала отырып, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін өздік білім алуға даярлау моделінің тиімділігін дәлелдейтін тәжірибелік-эксперименттік жұмыс нәтижелері берілді (қорытынды эксперимент).

Қорытындыда зерттеудің негізгі нәтижелері, қорытындылары жазылды, диссертациялық зерттеу нәтижесі бойынша ұсыныстар берілді.

Қосымшада тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың кезеңдерін ашатын зерттеу материалдары ұсынылды.